


ЖАНАТ ЕЛШІБЕК



СЫРЛЫ  
ЭЛЕМ







ЖАНАТ ЕЛШІБЕК

# СЫРЛЫ ӘЛЕМ

Әдеби портреттер,  
әсселер,  
және  
мөлтек әңгімелер



“АНА ТІЛІ”  
баспасы ЖШС  
Алматы  
2012

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-44

Е 49

*“Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрагат комитеті*

*“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлөрін басып шыгару”  
бағдарламасы бойынша шыгарылды”*

Елшібек Ж.

**Е 49** “Сырлы әлем” (Әдеби портреттер, эсселер және мәлтек әңгімелер). / Жанат Елшібек. – Алматы: “Ана тілі” баспасы ЖШС, 2012. – 320 бет.

ISBN 978-601-251-060-7

Халықаралық “Алаш” сыйлығының лауреаты, жазушы Жанат Елшібектің оқырмандар назарына ұсынып отырған “Сырлы әлем” атты жана жинағы ұш бөлімнен тұрады. Тақырып аясы жағынан өзара сабактас та үндес алғашқы екеуіне есімдері елімізге әйгілі сөз зергерлері мен өнер кайраткерлерінің шығармашылық әлемі хақында сыр тербел, ой толғайтын әдеби портреттері, көркем эсселері топтастырылған.

Белгілі қаламгерлін айшыкты қолтанбасын даралайтын бұл туындалардың кай-қайсысы да өзіндік жазу мәнер-машығымен, танымдық қызықты дерегімен, сезім пернесін шертер шырайлы сипаттарымен көніл аудартады. Ал үшінші бөлімдегі мәлтек әңгімелерге сөз сиқырын кастерлеген акын-жазушылардың үткыр ойлары, астарлы өзіл-калжындары өзек болады.

Шығармалардың тілі бейнелі өрі шұрайлы.

Кітап көпшілік оқырманға арналады.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 978-601-251-060-7

© Елшібек Ж, 2012

© “Ана тілі” баспасы  
ЖШС, 2012



# СЫРЛЫ ЭЛЕМТЕ САЯХАТ

(Шекіртім Жанат Елшібек туралы ой үзігі)

Калам бабы бөлек-ау. Оны шығармашылық адамы жаксы тусянсе керек. Әр нөрсеге желе-жортып бұлкілдей жөнеле бермейтін каламының кейде шоқырактап, жүрмей қоятыны бар. Ал кей сөттері қонілін ашық құндей жаркырап, киялын қанаттанып, ойын серпіліп коя береді. Мұндайда каламыңды тізгіндең, ойынды тежей алмайсын. Көкейінде жүргенді актарып, жүрек түкпірінде үялаған пікірінді ағытуға асығатының белгілі. Міне, мен де дәл осы мезет сондай күйде отырғандаймын.

Данышпан Абай “Өмір – мұхит, уақыт – толқын” дейді ғой. Құні кешеғана секілді. Бәрі-бәрі көз алдында. Ұзак жылдар еліміздін байыры білім ордасы – республикадағы жоғары оқу орындарының карлығашы саналатын ҚазПИ-де үстаздық еттім. Қасиетті кара шаныракта талай жастарды тулетіп ұшырдық. Әркіл үрпактың, толқын-толқын буынның өкілдерін құрайтын сол жұзденеген, мындаған шәкірттерімнің сапында Жанаттың есімін ерекше үқілеп айттар едім. Институттың кабыргасында жүргенде-ак жазған-сызғандарына “ҚазПИ-дін студенті” деп кол қоятын ол шын мәніндеге институт мактанишына айналған болатын. Алаштың арыстары Сәкен Сейфуллин мен Мәлік Ғабдуллин дәріс оқыған, дауылпаз ақын Тайыр Жароков жыр тасқынын селдеткен әйгілі №25 аудиторияда отырып казак әдебиетінің ғұламалары Кажым Жұмалиев, Шайкы Кәрібаев, Төкен Әбдірахманов, Хасен Әдібаев, Зейнолла Серіккалиев лекцияларын тындал, тәлім алған студенттімлі мен де ерекше құрметтеймін.

Өткенге зер салып карасам, Жанаттың әртүрлі тақырыпта жазған дүниелерін баспасөз беттерінен қырық-қырық бес жылдан бері үзбей оқып келемін. Мерейінді марқайтары сөзсіз. Түбіт мұрты тебіндеген бозым шағынан білетін талантты, қағілез шәкіртімнің көз алдында кемелденіп өсіп, кабыргалы каламгерлер катарына косылғанын көрү – кандай ганибет. Кауырсын каламы катайып, шығармашылық көріктің небір тезінен өтіп, үлкен өмір мектебінің ыстық-сузығында шынлалды. Оған айғак – Жанат Елшібектің каламынан туған жиырмага жуық деректі-публицистикалық, танымдық және көркем-әдеби кітаптары. Қадап айттар жәйт, Жанат жазған туындылардың кай-кайсысы да оқырман назарынан қақас калған емес. Қотерген келелі тақырыбымен, қозғаған өзекті өткір мәселесімен, айттар терен ойымен көпшілік кауымды елендетеуді. Ал оның танымдық жанрдың қекжиегін кенейтудегі шығармашылық ізденісі үшан-теніз. Өзіндік дара колтанбасы калыптасқан жазушының повестері мен әңгімелерінде де жүрт қонілін аудартар танымдық, қызықты

деректердің молынан ұшырасуы тегін емес. Мен оған егжей-тегжейлі тоқталмаймын. Жол-жөнекей әңгіме орайына қарай айтып жатқаным да. Өйткені, Жанатқа кезінде Жазушылар одағына мүшелікке өтуге кепілдеме бергендердің бірімін.

Жазушы Жанат Елшібектің өздерініз параптап отырған жана кітабы хақында бірер ауыз сөз. Жоғарыда ескерткенімдей, ол қырық жылдан астам уақыт табан аудармaston баспасөзде қызмет атқарып келеді. Әуелгі жылдары жас журналистер үстаханасы “Лениншіл жаста” (казіргі “Жас Алаш”) енбек етсе, одан кейінгі бүкіл саналы ғұмыры “Егемен Қазақстанда” отуде. Бұл базылым — ұлken мектеп. Оның үстіне соңғы ширик ғасырдан бері редакцияның жауапты хатшысы. Мүйізі қарағайдай-қарағайдай қаламгерлермен иық тіресіп, қоян-қолтық араласып, сөз өнерінің меҳнаты мен рахатын белден кешті. Қазақ әдебиетінің бекем үйінән айналған талай ақын-жазушылармен пікірлес, сырлас болды. Яғни, жалпақ тілмен жеткізсек, ортақ терінің пұшпағын бірге иlestі. Мұны тәптіштеп отырғаным, Жанаттың осы жинағы тұтасымен әдебиет, мәдениет, өнер кайраткерлерінің шығармашылық өлеміне арналған екен. Әйгілі ақын-жазушылардың, өнер санлақтарының көркем бейнелерін әр қырынан сомдаған әдеби портреттер мен әсследер өте тартымды жазылған. Есімдері елімізге елеулі тұлғалар образдары шүрайлы штрихтармен, ұтымды детальдармен кескінделген. Қызықты оқигаларды, сырт көз біле бермейтін елең еткізер деректерді арқау етіп өрілген туындылардың беделін көтеріп, еңсесін одан бетер асқақтатып тұрған автордың құнарлы тілі. Елеусіздеу көрінер көріністерді кестелі де бедерлі тілмен өрнектеуге көлгенде Жанаттың қаламы кашанда жүйрік.


Халық жазушылары Шерхан Мұртаза, Қалтай Мұхамеджанов, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза-Әлі, Мұхтар Мағаунин, казақ сөз өнерінің майталмандары мен манмангерлері Балғабек Қыдырбекұлы, Сейдахмет Бердіқұлов, Марғуфа Айтхожина, Темірхан Медетбек, Жакау Дәуренбеков, Мағира Қожахметова, Қастек Баянбай, Есенғали Раушанов, атакты қылқалам шеберлері Айша Фалымбаева, Гүлфайрус Исмаилова, Раушан Момбекова жайында жазылған дүниелердің бәрі де көркем әңгімәдегі ғажайып әсерге бөлейді. Маған сөз касиетін жақсы танитын Жанаттың сыншылық, зерттеушілік қырлары қатты ұнады. Сондай-ак, жинаққа енген өзге де өнер иелерінің шығармашылық өлемін әңгімелеген әсследер ешкімді де бейжай қалдырmasы анық. Астарлы өзіл мен үйтты қалжынға толы алакандай әңгімелер де кітап мазмұнын байытып тұр. Журналист әріптестері жайындағы ой-толғаныстар, былайғы көп жүрт біле бермейтін газет шығарудағы қалтарыстарды суреттейтін эпизодтар сыршылдығымен, шынайылығымен баурап алады.

Иә, шығармашылық адамының өмірі – өзінше бір сырлы әлем. Оның беймәлім құпиясы, тылсымы мен жұмбағы сан қабат. Әр қаламгердің өнернамасына жіті жанар жүгіртіп, көніл көзімен, ой көзімен үніле түсken сайын оның қалір-касиеті мен салмағын теренірек үғарын даусыз.

Ендеше, сырлы өлемді саяхаттаңыз. Өкінбейсіз.

**Серік ҚИРАБАЕВ,  
академик.**

# БІРЛІККІНГ БОЛІМ



## Әдеби портреттер



- Заман толқыны тарих тенізінің жағалауында көркем өнердің баға жетпес меруерт-маржандарын қалдырады.

М.Әуезов

- Жақсы жазу үшін жақсы білу керек.

Стендаль

- Қалам – ең жақсы ұстаз, жазылған сөз тап қазір ойлаған сөзден артық.

Цицерон

- Талант туады, өлмейді.

Ғ.Мұсірепов

- Сөз өнері – өнер атаулының ең қыны және күрделісі.

О.Бальзак

- Жұмыс – өмірдегі басты нәрсе. Барлық сүйкімсіз, пәле-қырысқ атаулыдан бір ғана еңбек арқылы құтылуға болады.

Э.Хемингуэй

- Көп оқыса, зейінді болса – білімді болмақ, ал мінезі жақсы бола ма, өлде жаман бола ма – мұны құдай біледі.

Ә.Бекейханов





## ЖЕБЕ-КАЛАМ

Қазақстанның халық жазушысы, драматург, журналист,  
қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза туралы сыр ұшқындары

“Елге еңбекін сінірген ер қымбат. Ердің елге бағасы қаны бір болуда емес, жаны бір болуда. Қуаныш-қайғысы ортақ болуда. Ердің бағасы – елге еткен еңбекінің зор, яки кішілігінде емес, ел деген жүргегінің таза болуында...”

Магжан.

### I

**M**ЕН оның есімін қаршадайымнан білетінмін... Балқаштың бауырындағы алакандай балықшы ауылының тіршілік-тынысы да жұпның ғана. Кам-карекеті де сүренсіздеу. Колхоздың бас көтерер ер-азаматтары әркайсысы жеті-сегіз адамнан үш бригада құрып балықты ала жаздай шалғайдағы Жынғылдықайыр аралында жатып ауласа, ал какаған қыс айларында сүзекіні іргедегі мұз астынан тартады. Аптап ыстықта теңіз лебі қақтаған аптал жігіттердің жұздерін шынылтыр аязда жарқ-жұрқ ойнаған акша кар карып, одан бетер кара қүренітіп жібереді. Құні кеше ғана мектеп партасынан қайыққа отырған акқубаша өрімталдардың өздері небәрі екі-үш алтаның ішінде тотығып шыға келеді. Балықшы кәсібінің қандай екенін осыдан-ак анғаруға болады. Жаз тулаған толқын жалында, қалтылдаған қара қайық үстінде ау тору, әйтпесе таң алакебеден бетқаратпас үскіріктे қалыңдыры құлаш бойы кекше мұзды сүйменмен ою оңай емес. Қызыжазы бір сарын, бір сурет. Сөйтсе-дағы, ешқайсысының өз кәсіпперінен әсте зерігіп, иә болмаса айнығанын байқамайсын-ау. Үлкені бар, кішісі бар үнемі жарқылдап жүргені. Қайдан білейік?! Зерделесек, толқында тұғандар бойынан ұшырасар осынау өршіл міnez, бөлекшe қасиет – олардың теңіз табиғатымен тамырластығында жатса керек.

Несіне жасырайық, мектеп қабырғасындағы біз қараптан қарап жүріп жалығатынбыз. Окта-текте бастары зорға косылатын ересектер бірер күн дамылдап теңізге кайта үдере қотерілгенде аядай ауыл құлақ кесті тыныштық әлеміне оранып, құлатобел тіршілігіне енеді. Зерікпегендеге ше? Ауылымызда не теледидар жок, не кино жок. Өйткені, осы өнірде

бертінге дейін электр жарығының өзі де болмады. Бұл – түкпірдегі ауылдарға ортак тән жағдай фой. Апта, ай аралатып көрші колхоздың киномеханигі Жапарбектін келуі бүкіл ауыл үшін мәре-сәре мереке. Таілы-таяғы қалмастан ауыл шетіндегі жалғыз қамыс шатырлы үйге – клубқа ағылады. Оларға бәрібір. Түсінсін түсінбесін үздік-создық келіп фильмнің жүріп жатқан кез келген тұсынан жалғастырып көре береді. Баска не істесін. Уақыт өткізу керек калайды.

Былайғы құндергі ермек – газет-журнал сапыру. Эйтеүір бір жаксызы қыр жолымен Үштебеден жеткізілетін пошта бір аптаның газеттерін жинап-теріп колхоз кенсесіне әкеп таставды. Неге еkenін кайдам, ол кезде газет-журналды үй-үйге таратып беру әдеті атымен жоқты. Кенсеге бас сұккан әркім колына ілінгенін қолтырына қыстыра кетеді. Сондыктан үлкеніміз де, кішіміз де ен алдымен “Лениншіл жаска” (казіргі “Жас Алаш” газеті) ұмтыламыз. Асығып-ұсігіп төрт бетін шола, үлкенді-кішілі мақалалардың тақырыбына, содан соң олардың авторына үнілеміз. Ал әрегідік өзін жазған кішкентай хабарың “мен мұндалап” алдыннан шыға келген мезеттегі қуанышты айтып жеткізу киын-ак...

Осылайша бауыр басып кеткен “Лениншіл жастан” мен, әсіресе Шерхан Мұртазаев деген фамилияны жиі ұшырататынын. Әр жазғаның бас көтермей, үтір-нұктесіне дейін калдырмай сүзіп оқимын. Ол Казакстан Магниткасынан, бірде Балқаштан, енді бірде астыкты алқап пен Нұркеннің атамекені Карагандыдан үстін-үстін боратып жазып жатады. Маған сол кезде онын очерктері мен мақалалары нөмір құрғатпай шығатындаі көрінетін. Шын мәнісінде солай да шығар. Әйтпесе, журналист Шерхан Мұртазаев жазған дүниелер арманышыл да әсершіл, еліктеш балауса кияльма канат бітірмес те еді. Әйткені бәрі-бәрі ұмытылмастай есте. Ойға түсірген сайын жылдар жанғырығы қоныраулатып шыға келері де анық. Жүзін де, суретін де көрмеген жанның бейнесін санамда өзімше кескіндеп “әжептәуір жаска келген үлкен кісі болар” деп топшылайтынын. Сейтіп жүргенде есімі жүректе жатталған журналист “Лениншіл жаска” редактор деп кол коя бастапты.

Алып-ұшып үйге жеттім.

– “Лениншіл жасқа” Шерхан Мұртазаев редактор болыпты, – дедім колымдағы газетті көрсетіп.

Тенізден келген бойы еken, анғал әкем балаша елпілдеп бар назарын маған аударған:

– Ол кім? Балам, сен оны кайдан білесін, ә?!

Жөпелдемеде аузыма сөз түссейші. Мен үшін жауапты шешем беріп жатыр.

– Кайдан біletіні не? Өзінің хат-хабар жазысып жүрген “Лениншіл жасы” емес пе. Таюда Алматыдан тағы бір-екі хат келген үлына. Редакциядағы ағалары “мақаланы ұдайы жазып түр” депті. Сол газетке жана редактор тағайындалған фой. Мұртазаев деген фамилия сонғы уақытта газеттен түспейтін. Жазғандары күшті. Повестері мен әңгімелері де жарияланып жүр. Өзі де мыкты болар...

Алпысыншы жылдардың басында алтыншы-жетінші класта оқып жүргенде-ак газет-журналдарға хабар-ошар, кішігірім мақалалар жа-

зып тұруды үйретіп, ең алғаш бағыт-бағдар берген шешемнің мына пікірінен газеттердің әр санын қалағалап оқитының анғарғандаймын.

— Мұртазаевты сіз де біледі екенсіз ғой, — деймін сәбілік пәк көнілмен.

— Өй, құлыным, есінде жүрсін. Жазушы мен журналисті бүкіл халық билетін болады.

— Шіркін, мен де журналист болсам...

Осы сәт әнгімені әкем кузаған одан әрі.

— Е...е... солай дендер... Газетті үзбей оқып жүрген екеуін білесіндер де. Балам ендігі жерде әлгі макалаларынды тұра осы өзін та- нитын редактордың атына жібергейсін. “Жаксыдан – шарапат” деген. Кім біледі, алдағы жылы окуға барғанда... көмегі тиер...

— Сіз де қызық екенсіз, — деймін әкемнің сөзін еріксіз бөліп. — Менің шимай-шатпағымды қайдан оқып отырсын. Мен секілді жазып тұратындар жеткілікті шығар.

Бірақ... іле-шала тағы да жігерімді жаныған шешемнің сөзі арманымды бұрынғыдан бетер аскактатып жібергендей.

— Олай демегін, балам. Әкен жөнін айтып отыр. Үлкен журналист-жазушы ағаларынмен астанаға барғанда жүздесесін әлі. Өзіннің алғашкы ма- калаларын да жарық көріп жүр. Тек ауылдың, мектебіннің жаналыктарын үзбей жазып тұру керек. Кабілетті шында маса болмайды. Әлгі өзін айта беретін редакторын да бірден журналист бола қалды дейсін бе?!

Іә, бұғінде аты-жөні ұлан-байтак Казакстанға ғана емес, жер-жа- һандағы кандастарымызға мәшінүр казактың үлкен каламгері Шер-Хан Мұртаза есіміне кішкентайымнан қанықпын дейтін сырдың алғашкы үшкіны осы еді...

## 2

Ұшқыр уакыттың қанатына ілесіп тағатсыздана құткен мезгіл де жетті. Барша абитуриенттерге тән албырт сезім астанаға жетелеген. Алматы тұрмақ, аудан оргалығы Ұштобені екі-үш мәрте көрген маған Арман-кала, Ай-кала, Ғұл-каланың әр бұрышы, әр ғимараты тамаша! Бейне көкемнің үйі құтіп тұрғандай келген бетте “Коммунистік 63-ті” іздедім. (Қазіргі Абылайхан даңғылы бойындағы бұрынғы Денсаулық сактау министрлігінің ғимаратында ол кезде бүкіл газет-журнал редак- шиялары, оның ішінде “Лениншіл жас” та орналаскан болатын).

ЦУМ-ның төнірегіндегі бұл үйді киналмай тез-ак тауып алсам да, ішке енуге жүрегім дауаламаған. “Кімге барамын?.. Не деймін?.. Мені кім құтіп отырдайсін?..” Бірақ.. кіріп-шығып жаткан адамдардың жар- қылдаған жайдары жүздері ерекше батылдық бергендей. Жедел бас- палдақпен жоғары өрледім. Ұшінші қабаттағы “Лениншіл жастың” та- балдырығын аттаған мезетте жүрегім кеудеме симай кайтадан тулап кеткені. Өйткені, аядай төрт бұрышты дәліздін бүкіл қабырғасы жаға- лай есік екен. Оның үстінен бәрі де айқара ашық. Іркес-тіркес койылған үстелдер... Өңкей қағазға шұқшиғандар... Құрсауға тұскендей күй кешкен менін ілкі сәттік жағдайымды сезген ұзын бойлы жігіт жылы ұшырай жөн сұрай бастады.

Пәк жүректе ұялап қалған, осынау елеусіз ғана сөтті үкілеп жаңтырудың еш артықшылығы жоқ шығар деймін.

## 3

**Р**АХАТЫ мен кызығынан гөрі киыншылық пен бейнетті көп көретін журналистер енбегін кейбіреулер жан дүниесімен сезіне білмейді-ау.“Барды...көрді... жазды... бітті...” Газетті қолына ұстағандардың дені де осындай пікірде. Несіне жасырамыз, әрегідік болса да мұндай ұшқары ой түйетіндермен бетпе-бет кездесіп те жүрміз.

Шын мәнісінде әр сөзді, әр деректі, әр цифрды елеп-екшеп сөйлету оның емес. Шалажансар, дұмбіlez құрғак журналист кез келген сөзге жан берер донор да. Сүзіп алар дәнегі мен мәйегі жоқ материал – әсерсіз дүние. Сондықтан оны ешкім кажет етпейді. Ен бастысы, журналист өзінің негізгі кейіпкерінің тағдырына, оның сүйінші мен қүйіншіне бейқам қарай алмайды. Редакциялан жәрдем күтіп қол ұшын созған, немесе істің ақ пен қарасын анықтап айырып беруді өтінген шағым иелерінің ойынан табылу – кара қылды как жарғанда ғана. Демек, журналист иығына түсер жауапкершілік жүгі зілбатпан. Әрине, әділеттін жолы – ауыр сын. Қуатты қалам қашанда қалтылдатпай алып шығады.

Газеттің бұдан баска да игерер, өз оқырмандарына ұсынар келелі тақырыптары сан салалы, әрі тарам-тарам. Кесек проблемаларды қозғап, туған елінің үлттых мұддесі саналар толып жатқан өзекті де, зәру мәселелер хақында дер кезінде қоғамдық пікір туғызу – журналист кауымының бірден бір парзы, абзал борышы. Ал, осынау идеяның кай-қайсысын болсын газет бетінде жарқыратып көрсетіп беру терен білімділікті, талмай ізденісті, үлкен шеберлікті талап ететіні мәлім. Сырттай романтикалық әсері басым қөрінер журналистиқ кәсіптін қыры мен сырның сан катпарлы екендігіне “Лениншіл жасқа” қызметке орналасқанда анық қозім жетті.

1969 жылдың көнілір көктемінде қолыма институт дипломы әлі тиे қоймаған сонғы курс студенті – маған “Лениншіл жастың” мандатын ұстактан Шер-аганның айтқан сөздері әлі жадымда.

– Ен алдымен, жазу керек. Халықтың, оқырманның, жастардың көкейінде жүрген проблемаларды жазған дұрыс. Содан сон ескерттерім, редакция ішіндегі әрқылы әнгіме жөн-жосықсыз сыртқа шықпауы тиіс. Өсек-аяннан, пыш-пыштан аулак жүргейсін. Ал газеттің ен маңызды, ең жауапты штабы – секретариат. Макет те – өнер. Сендерге бұл жағынан оқытқан да, көрсеткен де жоқ қой. Қысылма, әлі-ак үрреніп кетерсін. Тек ынта болсын.

Шындығында секретариат жұмысы мен үшін сырлы жұмбак. Не шрифтен, не квадраттан, не макеттен еш хабарым жоқ. Суреттердің көлемін өлшейтін, материалдардың жолын есептейтін арнаулы сыйғыштарды бұған дейін колыма ұстаған емеспін. Әйтеуір білеттінім, жазған материалдарымды бөлімдерге әкеліп тапсыру. Журфактың студенттері секілді өндірістік тәжірибе кезінде газет жұмысына көз қанықтырып көрсем бір баска. Сойтсе де, жауапты хатшымыз марқұм Сәбит Жиренов, жауапты хатшының орынбасары Серік Әбдірәйімов,

секретариат қызметкерлері Эрнест Төреханов, Әскер Исақовтардың үйреткен бағыт-бағдары аркасында секретариаттың ұнғыл-шұнғылын тез-ак менгеріп алдым. Тіпті кейде кезекті нөмірдің макетін үйге алып кетіп, түн ортасына дейін асықпай түрлі-түсті карындашпен әдемілеп сзызып әкелетінмін. Мұндаиды Шер-аған жаксы көретін. Жігіттерді қөзінше сирек мактайтын сол сәтті шықкан нөмірлердің макеттерін көрсетіп хош қоніл білдіреді. Өзін пір санайтын адамның жылы лебізі, әрине, канаттандырып-ак жіберетін.

Редактордың алдындағы алакандай бөлмеде сығылысып отыратын біз бастығымыздың куанған сәттерін де байқап қалатынбыз. Бөлімдерден түскен жаксы материалдарға, өзі ұнаткан макалаларға ерекше бұрыштама жазып, айшыкты да, көркем безендірілуіне қоніл аудартатын. Шер-ағанның Оралхан Бекеевтің “Ұйым келмейді” очеркін, Акселеу Сейдімбековтің “Ат шаппайды, бап шабады” деген проблемалық макаласын, “Пәтер көрген жерін бар ма?” атты диспуттың материалдарын баспаханаға теруге жібермес бұрын-ак тамсана мактағаны күні кешегідей есімде.

Елен еткізген тамаша макалалар мен очерктердің авторларына нөмір шықкан күні-ак айлық, тоқсандық корытындыны құтпестен ақшалай сыйлық бергізіп, бүйіркытын көшірмесін есікке ілгізіп коятын. Бұл да тек Шер-ағанның өзіне тән касиет. Өйткені ширек ғасырға жуық мерзім ішінде талай редакторлармен бірге қызмет істегендеге өз басым журналист енбегін Шер-ағанша бағалаудың үлгісін көрген емесспін.

## 4

Танымал каламгердің шығармашылық өлеміне жан-жакты терең бойлап, түбекейлі талдау жасауды сыншы ағайындарға қалдыра отырып, араға тұра жиырма жыл салып 1989 жылдың карашасында қазак баспасөзінің кара шанырағы “Социалистік Казакстанда” (бүгінгі “Егemen Қазақстан”) кайта қауышкан Шер-аған жайында жадымда ұлаған сыр үшкіндарын жаңыртқанды жөн санадым.

Әйтпесе, Шерхан Мұртазаның романдары мен повестері, әңгімелері мен драмалары, аудармалары мен очерктері, серкесөздері мен сапар жазбалары, қоекікесті сұхбаттары мен проблемалық ой-толғаныстары жеке-жеке өзіндік әңгіме арқауы болары сөзсіз. Кез келген ғылыми дәрежеде атағын алуға татитын шон каламгердің кен тынысты кемел шығармаларының ғалымдар мен әдебиетшілердің назарынан тыс калуы ойлантарлық-ак. Әлде ежелден қанымызға сінген әдетіміз “көрсем де болдым көрмегеннің” кері ме?

Орайлы тұста жазушының каламынан шықкан туындылардың кейбірін ғана атап өтейікші. “Мылтықсыз майдан”, “Бұлтсыз наизағай”, “Кара маржан”, “41-ші жылғы келіншек”, “Интернат наны”, “Тілсіз конырау”, “Шағалалар кайда үйіктайды?”, “Жүрекке әжім түспейді”, “Аксай мен Қоксай”, “Қызыл жебе”, “Жұлдыз көпір”, “Сталинге хат”, “Бесеудін хаты...” Жүрек қылын тербер, тұнғылық ойға шомдырар зергер каламгердің әр шығармасының атының өзі-ак елен

еткізеді. Қазак әдебиетінің алтын корына қосылған Шерағанының көркем кесек туындыларының катарына біз тақырыптарын тізбелеуді ретсіз көрген публицистикалық қосемсөздері бірнеше томды құраса керек. Халқы үшін қалғымаған қалам небір жаһұттарды қашауда. Соның айғабы халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі Тұrap Рыскұлов халындағы эпопеяның соңғы бесінші кітабы “Тамұқ” пен бүтінгі күннің ең өзекті мәселелік козғаған “Жалғызуýлік зілзала” (“Жетімбұрыш”) драмалық трагедиясы. Сиясы кеүіп үлгерменген бұл дүниелер күні ертең-ак өз оқырмандары мен қорермендерінің жүректеріне қонақтары сөзсіз. Өйткені, Шерхан Мұртазаның жебе-қаламы қашанда шынайы да, асыл туындылар сомдаған ғой...

Алуан қырлы кенен суреткердің ғажайып шығармашылық қасиеттері жайында сүйсіне де, құлышына қалам тербеуге болар елі. Бірақ, мерейтой иесінің данғаза мактау мен маралаттауды әсте жаны сүймейтінің билетіні біз батыл, әрі жампоз жазушының әзілкеш, әрі акеділ ағаның үлкен тұлғасын сомдар үзік-үзік штрихтардың кейбіріне ғана оқырмандар назарын аудартқым келді.

Ұзак жылдар бойы “Лениншіл жас”, “Казак әдебиеті”, “Жалын”, “Жұлдыз” секілді газет-журналдарда бас редактор болып тер төккен Шерхан Мұртаза республика баспасаөзінің қара шанырағы “Социалистік Қазақстан” газетіне бас редактор қызметінің кіріскеңде былай деген еді:

— Мен аса жауапты да, мәртебелі журналистер енбегін көтергені алтын, жегені тікен дала алыбы — туїмен салыстырар едім...

Шер-аған бас редактор болып келгенде “СҚ”-ның 70 жылдығына арналған он алты беттік арнаулы нөмір фототерім цехинде қатталып жатқан-ды. Ежелгі әдет бойынша Орталық партия комитетінің өкілдері жұмыс сонына таман редакторды ертіп баспаханадағы дайын нөмірдін егежей-тегжейімен танысты. Үлкен үйден келгендер әр бетке жіті үніліп жүрген кезде бас редактордың көзі колонцифрлардың жанындағы “декабрь” деген сөздерге тұсті. Сөл ойланған ол:

— Желтоқсан деп казакша тергізіндер, — деді. — Естерінізде болсын, ертеннен бастап макалаларда кездесетін барлық айлардың орысша атауларын да түтег казакша жаза бастауымыз керек. Ешкандай жалтақтайтыны жок.

Сонымен “СҚ”-ның өзі айлардың атын казакша жаза бастады деп республикадағы барлық газет-журнал бұған дейін батылы жетпеген пердені сызырып тастады.

Іле-шала Шер-ағанының талабымен СССР, КПСС, ТАСС, т.б. секілді ешкімнің жүргі дауаламас реңми атаулар да газет бетінде казакша аударылып жазылды. Эрине, бұл батыл қадамға тосыркай қарағандар болды. Тіпті, жоғарыдан бүйрық бергісі келгендер де байкалды. Сейтсе де “СҚ”-ның сірескен сені осылайша сөгіле бастаған еді.

Алғашқы күннен қашан да таптаурын айдарлар мен тақырыптарды тірілтуден бастаған Шер-аған газетті білік талап тұрғысынан тұлетуге

ұмытылды. Ең алдымен макалалардың тіліне мән беріп азулы да бүлталақсyz, өткір де әділ сын макалаларға жасыл қошеноi айқара ашты. Бұл орайда негізгі нысананы аудандық, қалалық, керек десеніz облыстық партия комитеттерінің тікелей өзіне бағыттау керек екенін айрықша қадағалады. Мұнын да сыры бар. Бұған дейін “шыбық тимес шынқ eter” төрешілдерді – партократтарды сынауға кез келгеннің батылы бара бермейтін. Окта текте қаукарсыз, сипама сын-сымактардың жарық қоретінің жасыра алмаймыз. Бірақ, ондай дүниенің “Тисе – терекке, тимесе – бұтакқа” екені белгілі фой. Жүргінің түгі бар Шер-аған сондықтан да журналистерден өткір тақырыптарға түрен салуды талап етіп отырды. Соның нәтижесінде “СК”-ның бетінде Талдыкорған, Шымкент, Алматы, Павлодар т.б. облыстық партия комитеттері өткір сын тезіне алынды. Бетін бар, жүзін бар деместен бірінші хатшылардың аты-жөндері аталағы, олардың жұмыс стилі тілші қаламының үшінә ілінді. Осы орайда бір ғана нақты дерек ретінде Алматы облыстық партия комитетінің кадрлармен жұмыс істеудегі жіберген өрсекел қателіктепі мен кемшіліктепін айдай өлемге паш еткен “Кіші 37 емес пе...” атты сын макаланы айтсақ та жеткілікті.

Эрине, кай газеттің болсын өзіндік бет-бейнесі, дара келбеті онда істейтін журналистердің қалам карымына катысты. Ойды, идеяны айта алушылық бір бөлек те, оны жүзеге асыра білу мәселенің екінші жағы. Сондықтан бәріне мұрындық болар, шығармашылық ұжымға айрықша күш-куат беріп отыратын “генератор” дейміз бе, әйтеуір тізгінбасы қажет-ак. “Газеттің сипаты мен салмағы, мазмұны мен мәні тікелей басшысына байланысты дейтін ойдан тұпастары міне, осыдан туында-са керек. Мықты басылы бар жерде – мықты ұжым бар. Бұл ретте шығармашылық қызметіне, басқару стиліне, журналистік өлеміне әбден қанық Шераған есімін қалай айтсақ та лайыкты. Ол біртуар редактор! Оған “Лениншіл жастың”, “Казак әдебиеті” мен “Жұлдыздың” дәүірлеу кезендері айқын айғак.

Тағы да штрихтар. 1991 жылғы 15 мамыр. Сәрсенбі. Газеттің соңындағы бетіндегі Бас редактордың фамилиясынан бастап, редакция алқасы мүшелерінің аты-жөндері түгел тұнғыш рет “ов”, “ев” журнектарын алғып тастан шыкты. Осы номірді бекіту үстінде төртінші беттің макетінің он жақ бұрышына Шер-аған кара сиямен бадырайтып аты-жөнін жаза бастады.

– Мырзалар, сәрсенбінің сәтінен бастап, мен Шерхан Мұртазамын, – деді төнірегіне назар аударып. – “Ов”, “ев” камытынан құтылатын кез жетті.

Осы идеяны көптен колдап, әрі ұдайы қузап жүрген өзгелеріміз де макеттің шетіне жарыса қол қойдық. Айтпакшы біз үшін үлкен оқиға саналған сол күннің күесіндегі төртінші беттің макеті менде сактаулы.

Көп редакторларға карағанда Шер-аганың журналистік шеберлігін дараалар ерекшеліктерінің бірі – онын газеттің полиграфиялық безендірілуі мен техникалық орындалуын жетік білетіндігі. Несіне жасырайық, бұқіл ғұмырын газете өткізген кейір журналистер зейнет демалысына шрифт пен квадратты ажыратса алмай-ак кетті фой. Редакторымыздың ұсынысымен “СК”-ның әбден сірекен фирмасы бүтінгі талапта орай кайтадан жазылды. Сойтіп, откен жылдың бета-

шар нөмірі жана фирмамен, “Егемен болмай – ел болмас!” деген жана айдармен жарық көрді.

Ал, сол жылдың 18-маусымынан газет өз оқырмандарына қазіргі жаңа атымен жол тартты. Газеттің шекесіне “Азаттық. Тұнықтық!” үраны қойылды. Тағы бір құпияны, ақиқаттың бетін ашайық. Орталық комитетпен айқасып жүріп орын тепкен бұл үранның авторы да – өзіміздің Шер-аған.

## 6

Зұлматтың зарлы жөргегінде інгәлаған үрпактың пешенесіне тағдырың жазып қойған тауқыметі көп екен. Бесіктен белі шықпастан кабырғасы майысып кара жұмыска жегілген балдырғандар ерте есейді. Бала болып мейірі канып ойнат, иә күле алмаган өрімтальдардың жастық, жігіттік шактары да желкілдеп оте шықлағаны мәлім. Бәлкім, кім біледі, сырт қөзге аскар аға қабагының ұдайы катулы да, айбарлы қорінуі осыдан болар. Мүмкін. Өйткені, табиғаттың құдіретінен күшті ештene жок кой. Қаршадайынан калтылдаттай қайрап, жастайынан жалтактаттай жаңып, солқылдаттай шарт сынар еменнін иір бұтағындаи етіп өсірген табиғат тезі – өмірдің өзі. Ұлы нәубеттің, қызыл қырғының, жазысыз күғын-сүргіннің, торт жылға созылған жойқын соғыстың зобаланың көзімен қөріп, касіретін басынан кешірген кайсар үрпактың өкіліне жаттың Шер-ағанның өзегін жарып шыккан, өмірдің өзінен ойып алынған шынайы да, тамаша туындылары бұл қунде сонау бір жылдары шешек атып келе жатқан күйде солып қалған балалық шағының, жастығының бейнесіндегі гүл-гүл жайнап тұрғандай. Шынтуайтына келгенде Шер-ағанның халқым деп сокқан жүргөті, шырылдаған үні нәп-нәзік. Оны мен дәлелдеп жатпаймын. Тек толқындаи тулағын жан тебіренесін, қеудесін дүбірлөткен жүрек-лұпілін тындаі біл. Естіп кою аз, бүкіл пейілінмен сезінгейсін. Сонда барып жұмбак жанның құпия әлемін құлшына, құмарлана шарлайсын-ау. Оған мысал, дәлел керек пе? Еш киналмай айта аламын. Арыға бармай-ак ең алдымен, бүгінгі “Егемен Қазақстанның” әр бетіне үніл, парламент залындағы Шерхан Мұртазаның ширышық атқан сөздерін есіне түсір.

Бас газеттің ең үлкен көтерер жүгі ретінде ұдайы қөніл аудартқан тақырыптардың дені Шер-ағанның идеялары. Әсіресе алыста жүрген ағайындардың бүтінгі халі, өткен зобаланды ізі үнемі назардан тыс қалған жок. Тіл тағдыры, жер проблемасы, көші-кон мәселелері газет бетінде көтеріліп кана коймай, осынау келелі де, толғакты тақырыптар төңірегіндегі жанайқайын ол халық депутаты ретінде парламент мінбесінен ұдайы білдіріп отырғаны қалың оқырманға мәлім. Сондай-ақ бұл мәселелерді Шерхан Мұртаза республика Президентімен жүргізіп келе жатқан сұхбаттарында өзек етіп өріп, “Бір ауыз сөздің” арқауына айналдырыды.

“Егеменді Қақстанға” келген күннен бастап біздің Шер-аған үлкен жол үстінде, үнемі іссапарларда жүруді жаксы әдетке айналдырыды. Үакыт тынысын тамыршыдай дөп басатын газет оқырмандарының бел ортасында болу – бас редактордың темірқазық максаты саналды.

Сонғы бірер жылдың бедерінде ол Талдыкорған, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Атырау, Караганды, Торғай, Көкшетау т.б. облыстарда, кейбірінде екі-үш мәртеден іссапарда болып, мұхит асып Америкаға, тұбі бір туысымымыз Түркияға, жылдар бойы какпасын құлыштап ашпай қойған іргедегі Пәкстан мен Иранға, Ұлы мемлекет Үндістанға барып кайтты. Редактор Шераган жер көріп, ел танып, сапар сазын тамашалап кана қоймай, бүкіл әлемге қазактың мандайалды газеті – “Егеменді Қазақстанның” мерейін паш етті. Әлемді шарлаған үшкыр қалам өз оқырмандарына небір ғажайып сырға толы сапарнама очерктерін ұсынды. Бұл жерде тағы бір айрықша айттыны – Шераганың әр сапардан жалғыз болса да, жана бір сөз тауып оралатындығы. Бұл күнде сөздік корымызға еніп отырган ұшак, Пәкстан, Техран, әуежай, т.б.сөздерді ен алғаш қолданған Шер-аған.

Сырт қозғе өте катулы қорінетін редакторымыздың өзінін өкшесін басқан інілеріне, сонынан ерген шәкірттеріне мейірім шуағын төгіп жүретінін айтканын артықтығы болmas. Оның мінезін терен білмейтін бейтансыстар “Арыстанның аузында қалай өмір сүріп жүрсіндер?” дегендеге, мен мынадай екі кішкентай суретті ұсынғым келді.

Шер-ағанмен осыдан ширек ғасыр бұрын бетпе-бет жүздескен сәттегі тұнғыш әсер әлі күнге дейін езуге күлкі үйіреді. Аңғал қонілдін тазалығын қас-қабактан жазбай үтар Үлкен ағанын сол мезеттегі еш ашусыз сабырлы кейіп қаз-қалпында есте. “Ленжаска” қызметке орналаскан алғашқы құндер болатын. Кез келген жас талап оп-онай түяқ іліндіре алмайтын киялдағы, армандағы “Ленжаска” ҚазМУ-дің сонғы курсында жүрген Аккөл Отарбаев екеуіміз бір күнде кабылдандық. (Бұл күнде есімі белгілі қаламгерлер санатында аталар Аккөл республикалық “Кайнар” баспасында жетекші редактор. Өмірдін ғажабын-ай, енді міне ол кітабыма редакторлық жасады). Біздін қуанышымызда шек жок. Арқамыздан қағып, сәт сапар тілеген жігіттерге мезіреті жасағанды жөн қөрдік. Жұмыстың сонына таман екеуміз редакция ғимаратының бұрышындағы гострономнан бірер бөтелке мен тіске басарымызды (студенттердің жұқа қалтасы баршаға белгілі ғой) алып, жоғары көтеріліп келе жатканда Шер-аған карсы жолықты. Колтығында пәпкісі, манғаз түсіп келеді екен... Ойымызда ештene жок екеуіміз: “Аға, кайда кетіп барасыз. Біз жұмыска тұрганымызды жуайык деп едік” – деп жарыса тіл қаттық. Ақырын ғана мырс еткен Шер-аған “Ой, батырлар, рахмет! Уакыттың жок. Басқа жігіттер бар ғой. Бірак, байқандар!..” Біз де ырза-хош қонілмен жоғары өрледік. Қазір сол кезді ойлап отырсам, екіудай күй кешемін-ау. Редакторымызға, бастиғымызға үлкен есіктен аттамай жатып “бірге ішейік” дегеніміз үшін ұялып, қысыламын. Осына балалық әбестігімізді анғалдық санаған Ағаның қабак шытпауы үкілі үмітіміздін балғын қанатын қайырмаганын енді ғана түсінгендейміз. Әйтпесе... Окта-текте Аккөл екеуіміз бұл қоріністі есімізге түсіріп құліп аламыз.

Ал екінші сурет бертінде “СК”-да болған еді. Бірде Шер-аған редакция қызметкерлері отыратын үш кабаттағы бөлмелерді шетінен есіктерін ашып, аралап жүреді. Кезек әдебиет бөлімінін менгерушісі

Аян Нысаналының кабинетіне келгенде есіктін тұтқасы болмай шығады. Сипалап тұрып есікті ашса, іште оқырмандардан тау болып түскен хаттарды шүқшил оқып отырған Аян үшіп турегеледі.

— Оу, Аяке, мына есігіне қандай жау шапкан. Аузы-мұрны жок, зорға аштық емес пе, — дейді Шер-аған.

— Кеше Қараашаш жұлып алған.

— Не дейсін? Еліктің асығындаған бөлімнегі жалғыз қыз Қараашаш есігінің тұтқасын тубімен копарып жұлып алса, анау түйедей-түйедей жігіттерің бір күні есігінмен коса өзінді қөтеріп әкетлесін, — дейді Шер-аған басын шайқап.

Мұндай жанға жылы шуак үйірер суреттерді Шер-ағаның өмірінен көптеп келтіруге болады. Қаламнан колы босаған кезде, дастарқан басындағы отырыстарда коныр даусымен ән салар сүйікті жазушысының тамаша қасиеттерін оқырмандары біле де бермеу мүмкін.

Көптеген қауырсын қаламның киялы мен арманына айналған “Мұртаза мектебінің” түлегі болғанымды әрдайым мактаныш санайдын...

## 7

Ардакты перзентінін мерейтойын жерлестері дүрілдетіп өткізді. Қасиетті Жуалы жерінде, Мынбұлақ бойында, Бауқеннің – Бауыржан Момышұлының атамекенінде, яғни Шер-ағаның кіндік кескен топырағында бірнеше құнға созылған той салтанатында үлкен қаламгердін алуан қырлы қасиеттері жарқырап қөрінді. Онын есімі айтыстын арқауына айналып, жыр болып төгілді, ән болып шырқалды. Қекпар додасына, аламан бәйгеге түскен сәйгүліктер дала төсін дүбірге бөледі. Сірә, туған ұлын көзі тірісінде қекке қөтеріп күрметтеген мұндай ел тойы болмаған шығар-ау.

Қазақстанның барлық газет-журналдары Шерхан Мұртазаның азаттық һәм қазаки қасиеттерін, қаламгерлік һәм қайраткерлік өзіндік қырлары ҳақында таласа, жарыса жазып жатыр. Жүректер лұпілі Шер-аға, Ер-аға, Ел-аға деп соғады. Ал онын аялы алаканының табын сезіп өсken өкшелес інілері мен жас толқындардың өзі бұл қунде бөлек-бөлек буынға ұласып отыр емес пе. Олардың аузындағы сөз: “Шерханның шекпенінен шығып едік...” Осындаі күрмет пен ілтипатка оранған Алатаудай ағаның тойы үстінде қекейімде француз қаламгері В.Гютоғоның айтқан ғажайып лебізі еріксіз орала берген. “Ұлы адамлар өз ескерткішінің тұғырын өзі орнатады, ал мүсінін болашак соғады”. Ілki сөт осынау сөздердін аясына тереңірек үніліп көрейікші...

Иә, халқы үшін қалымаған ЖЕБЕ-ҚАЛАМ алты аскардан асып, келесі мұзарттарға самғап барады...

Лайым канаты талмасын деп тілейік.

*PS: Егер осы әссе-очерктиң әр бөлімдері басталатын шмуци-әріптерді төріп оқыса, кейіпкеріміздің “МҰРТАЗА” фамилиясы шыгады.*

1992



# ШЕРАҒАН ШЫНЫ

## ГЕНЕРАТОР

**Д**ӘЛ айтсақ, 1989 жылғы оныншы қараша. Сықиған, сүренсіз, сүрғылт “СК”-ның сірексен сұр көбесі сетінеп, сөгілген күн. ЦК-ның идеология жөніндегі секретары Өзбекәлі Жәнібеков кешкүрм “Социалистік Қазакстанның” ұжымына Қазакстан Орталық Комитетінің Саяси Бюросы бекіткен жана редакторды, Шерағанды – Шерхан Мұртазаны таныстырды. Колбиннің кадры Көрік көкем кеткен көnlді де, көnlсіз күн. Бұдан бірер ай бұрын құлдыраған “СК”-та беделді басшы әкелу жөнінде “барлау” партия жиналысы өтіп, коммунистер арасындағы пікірлер ортак арнаға тоғысбай, екіудай болғаны бар. Сондыктан да аптаның сонындағы жұма құнгі апак-сапактағы өзгерісті үлкен коллективтің мушелері әркілшілдегендегі анық.

– Кадірлі Өзага, Сіз мен туралы айтып жатырысыз. “Жалын” мен “Жұлдыз” журналдарын қотердініз деп, казір “Қазак әдебиеті” газетінің мерейін өсірдініз деп. Енді маған чиновниктердің жаршысына айналған “СК”-ны өзерті дейсіз. Мұндайда не айту керек. Сенімінізге раҳмет, Өзага! – Сәл үнсіз күйге түскен Шераған іле-шала төнірегіне назар аударып, ордалы ойын одан әрі өрбітті. – Газетті қотер дедініз әлгінде. Алайда, мен журналист екпеймін. Қолдан журналист жасай алмаймын. Ондай құдіретім жок. Бірак, қаздай тізіліп отырған мына ағайындарды игілікті максатқа жұмылдырып, көп көnlінде жүрген ең толғакты тақырыптарды жазып, ең көкейкесті мәселелерді қозғай аламыз деп ойлаймын. Абырой өпермейтін қоқжасық, дұмбіlez, азусыз материалдардың жолын кесу қажет. Жаксы идея үшін бірігіп, ынтымакты, жалтаксыз жұмыс істесек бәріне де кол жеткізуге болатын сиякты. Өйткені, үнді халқының тамаша бір макалы бар: “Шырпы – піл қотереді”. Фажап! Естіген әркім-ак ойланып қалады. Эрине, жалғыз тал сірінке не қотеруші еді?! Ал, бір корап шырпының басын біріктіріп пілдін табанына койсан, расында алып зілді қотеріп кетеді екен. Көремісіздер, міне, бірліктің күші мен құдіретін! Бізге де осылайша тастүйін енбек етіп, жанаша жазуымыз керек.

Шындығында да, Шераған кол койған газеттің алғашқы

нөмірінен бастап, таудан лекіген салқын самалдай соны леп – жаңалық лебі бірден білінді. Ен алдымен, материалдардың, үлкен-кішісіне карамай тақырыптары тірілді. Рубрика-айдарлар құлдыраңдаған тентек лактай ойнақтап шыға келді бірінен соң бірі. Сарыарқадай көсіліп жаткан су макалалар макеттеу үстінде сығылып, аяусыз кайшыланды. Есесіне сыйлдыр сөздің сөлі ғана қалып, жұмырланған дүниені талғампаз жүрт жұтынып оки бастады.

Мұнын бәрі өуелгі құндердегі әрекет үшкіндары ғана еді. Келекеле редактордың катан талабымен бұған дейін Орталық Комитеттің органы жазбаған, тісі батпаған, тіпті шекесінен шертіп көрмеген райкомның, обкомның бірінші хатшыларының өздерін аты-жөндерін атап тұрып сынаған өткір материалдар тұракты жарияланып, қалың оқырманды танқалдырган. Оның да жөні бар. Ұзаса, “өгіз өлмес, арба сынбас” сипама сыннан аспайтын, халықтық бакылау комитеттерінің дерегі негізінде жазылатын фельетонсымактарды талғажу еткен оқырмандардың аныруы ретті болатын.

Жүрекжүткан Шерған ССР, КПСС, ТАСС, Москва сөздерінен бастап, партиялық терминдерді ешкіммен ақылласпай-ак танертен макет бекіту, кешкісін бет карау үстінде казакшалап жаздыруды қадағлады. Ал, тұра бір айдан соң газеттің 70 жылдығына арнап алдын-ала өзірленіп жаткан мерекелік нөмірдің колонцифрларындағы “декабрь” сөзін “желтоксанға” өзгертіп, ЦК-ның өкілінің көзінше: “бұдан bylай казақша ай аттарын өз атауларымен жазамыз” деді нығарлап.

Қай кезде де сірескен сеннін оп-онай сөгілмейтін мәлім. Түрән түспеген тұска тыннан боразда тартқандай Шерхан Мұртаза журналистердің қаламын кайрап, жігерін жаңып, көп көnlіндеге жүрген өзекті тақырыптарды дұрыс тауып, қанын сорғалатып жазуды талап етті. Бейнелеп жеткізсек, нағыз генератор болды. Өзі де тынбай қалам тербеді. Темірқазық қағидасы: “Жаза алмасандар – сендерге серт, жариялай алмасам – маған серт. Тек әділдікті, ашы шындықты құлбілтелемей жазсандар жетіп жатыр”. Жаксы идеяны құлшыныспен қолдаған “СК” журналистерінің екінші тынысы ашылғаны аян. Тіл мен тарих, дін мен діл, шұбарланған жер-су атаулары мен кісі есімдері, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр, алыстағы ағайындар мен өз ішіміздегі “жетімбұрышты” сағалаушылар тағдыры... бәрі-бәрі. Айтуға онай, бірақ кезінде иненің ұшында отырып жүзеге асырылған құпиясы каткабат, тұнғиығы шынырау, шетін де нәзік тақырыптар еді. Экономикалық дербестік пен саяси саҳнадағы “ойындар” қақында да талайлардың жүргегін ұшырып, талайлардың айызын қандырған өзекті мәселелер әр кырынан, республиканың әр киырынан жазылды. Ықылым заманнан бергі ғадет – біреуге ұнаса, біреуге ұнамайды. Ор мен жардың жағасында, өрт пен оттың ортасында газет редакторы тұрды. Осындағы киын-кыстаудан еңкейтпей, есенгіретпей, сүріндірмей алып шығар әділдіктің ақ жолы қашан да данғыл...

Бұғанде Шерғанның есімі ерліктін, батылдықтың синониміндегі айтылады. Ал, батылдықтың айнасы – ақиқат. Шындық үшін шырылдаған Шерхан аға Орталық Комитеттің ешқандай қаулы-қарарының

жетпіс жыл бойы жазылып келген “Редактор” сөзінің алдына “Бас” деген сөзді жебе қаламының ұшымен тұра бет қатталып жатқанда қосып жазып жіберді. “Бас редактор” тек мәскеуліктердің мандайына мөрленбегенін сонда барып жан-дүниемізben сезіндік. Бір қызығы, Аға газеттің өзі осылай жазыпты деп Казақстанның үлкенді-кішілі бүкіл басылымдары жапа-тармағай Мұртазаның жаналығын коштап, жедел жана үлгіге көшіп кетті. Әншейінде жеті кат жер астындағыны сезетін әккі цензура дәрменсіз күй кешіп, пұшайман болды да қалды...

Кайсыбірін айтарсын, кешегіге бүгінгінің биігінен көз тікsek Шерхан шындары әр түстан “менмұндалайтыны” даусыз. Жыл бойына ат үстінен түспей жүріп “СК”-ның беделі мен құрметтін, айбыны мен ажарын аскактатты. Кешікпей жұрт жүргінен орын алған Бас газет шын мәнісіндегі абырой мен данкка бөленді. Оған айғақ ретінде екі-ак деректі айтсам да жеткілікті, біріншісі – бұрын-сонды болмаған газет тиражының екі жұз мынға жетуі. Екіншісі, “Социалистік Қазақстан” атауының азат Алаштың сүйікті “Егемен Қазақстанина” айналуы.

Осы жерде аттап кетуге болмайтын бір жайлды жаңғырттайын. Журналист ағайындар “фирма” деп атайдын газеттің есімін, яғни газет фирмасын Шераганның тапсырмасымен төрт-бес суретшіге жаңа талап үрдісінде, кайтадан өзгерітіп жазуға заказ берілді. Аз уақыттың ішінде газет атының жиырмага жуық варианты өзірленіп, оның арасынан марқұм, суретші Александр Шестаков қолмен жазған үлгісі женіп шықты. “ЕК”-ның қазіргі фирмасы компьютерлік дизайнмен жасалған түрі. Айтпакшы, калың оқырман қуана қабылдаған бұл фирмалың да кезінде бірер жыл “кудалауға” түсіп, “сотталғаны” бар. Ол ұзақ сонар бөлек әнгіме...

## АЛТЫН МЕН ТІКЕН

Газеттің сипаты мен салмағы, мазмұны мен мәні тікелей басшысы на байланысты. Осынау ордали ойдын тұп кайнары тым теренде жатса керек. Қалам ұстаган қауымның арасында жазылмаған мынадай бір астарлы қағида жиі айтылады. “Егер жолбарыстарды қаукарсыз бұралкы маубаска басқартса – бүкіл жолбарыстар итке айналып кетеді. Ал, сол шауілдектерді жалғыз жолбарыска басқартсан – әлгілердің бәрі шетінен жалы құжірейіп, азуын айға білеп шыға келер еді...” Әзіл қатарының сыры сан қабат.

Иә, мықты басшы бар жерде – мықты ұжым бар. Бұл орайда шығармашылық қызметтіне, басқару стиліне, журналистік әлеміне әбден қанық Шераган есімін қалай айтсақ та лайыкты. Шераганның шоктығын үкілеп, әрдайым биіктетіп тұратын штрихтар мол. Соның бірі оның журналистер енбегіне берген әділ бағасы кезінде жалпак жүрттың аузында жүрді.

“– Мен аса жауапты да, мәртебелі журналистер енбегін көтергені алтын, жегені тікен дала альбы – түйеге тенер едім...”

Казак баспасөзі кара шанырағының тізгінін ұстап, төріне

көтерілген күні айтқан осы сөзін Мұртазаев іле-шала өткен “СҚ”-ның 70 жылдығында, мерейлі мерекенің мінберінен бүгежектемей тағы да қайталаған. Сол сәтте дүйім зал селк ете қалған еді. Өйткені, үкімет басшысынан бастап, өнкей дөкейлер мен ығай-сығайлар катысқан қызыл империяның катып-семген сценариймен өткізілеттін қызыл жиналысында тек мадақ сөздері мен көпірме қолдаулар ғана сапырыла-тын-ды. Жоғарыда мезгегендегі газеттің байыргы тілшісі Тәжібай Биталев ресми салтанатты мәжілістің трибунасында тұрып, өзінің тарғыл даусымен табанда бір шумак өленді сұырып салғаны. Содан соң барып Министрлер Кенесі Төрағасының колынан “Қазақстан Республикасының еңбек сінірген мәдениет қызыметкері” наградасын алғаны әлі есте. Бұл көрініс, әрине, біреуге – ұнады, біреуге – оғаш көрінгені анық. Біреу – үрікті, біреу – үрейленді...

Жолбарыс жорткан жер тыныш болушы ма, еді?

### **“ОВ”, “ЕВ” ҚАМЫТЫ**

... Тағы бір елең еткізег әйт еске түсіп отыр. 1991 жылғы 15 мамыр. Сәрсенбі. Газеттің сонғы бетіндегі Бас редактордың фамилиясынан бастап, редакция алқасы мүшелерінің аты-жөндері түгел тұнғыш рет “ов”, “ев” жүрнектарын сұырып тастан шыкты. Осы нөмірді бекіту үстінде төртінші беттің макетінің он жақ бұрышына Шер-аган кара си-ямен бадырайтып аты-жөнін жаза бастады.

— Мырзалар, ертенті әртінен бастап, мен Шерхан Мұртазамын, — деді төнірегіне назар аударып. — “Ов”, “ев” қамытынан құтылатын кез жетті.

Осы идеяны қөптен бері колдап, әрі ұдайы қузап жазып жүрген өзгелеріміз де макеттің шетіндегі санылауға жарыса кол койдық. Айт-пақшы, біз үшін үлкен оқиға саналған сол күннің куәсіндегі төртінші беттің макеті менің жеке мүқоммалдарымның арасында сактаулы.

Көп кідірмей газетіміздің алғашкы бетінде “Бір ауыз сөз” айдарымен “Мен – Мұртазамын!” деген Бас редактордың жүрекжарды лебізі жарияланды. Оймақтай ойдын алтын өзегі – жана төлкүжатта фамилиясының тұнғыш рет қазакша жазылуы. Ақикатын айтып мойындауымыз керек, кезінде Шер-аганның үрдісін көпшілігіміз нысаналы үлгі үстандық.

### **НЕСІНЕ БАС ҚАТЫРАМЫЗ**

Ақын, әрі сыншы Аян Нысаналы кейінгі кездері кейір журналистік туындыларына фамилиясын алғып тастан, күр “Аян” деп қана кол койып жүр. Оның тұра осындағы “подписьмен” тағы бір макаласы “Егеменді Казакстанның” әдебиет пен өнерге арналған “Жансарай” деген бетінде шығып бара жатады. Кешкे жақын газеттің келесі санының беттерін көріп отырған бас редактор Шерхан Мұртаза макаланың сонындағы жалғыз есімнің тұсына баттитып үлкен сұрап белгісін койды да: